

«АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
СТЕПНОГОРСК ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ
БЕСТӨБЕ КЕНТІНІҢ №1
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН
МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
ШКОЛА №1 ПОСЕЛКА БЕСТОБЕ
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ПО ГОРОДУ СТЕПНОГОРСК
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

02.09.2024

ПРИКАЗ

43

**2024-2025 оқу
жылының басталу және
аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ
білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін
айқындау туралы**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 38 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 304 бұйрығының негізінде, Ақмола облысы білім басқармасының 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығы негізінде және Степногорск қаласының білім бөлімінен 2024 жылғы 09 тамызында келген № 338 бұйрығының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникулы кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:
 - 2024 жылғы 1 қыркүйек – 2025 жылғы 25 мамыр қоса алғанда: 1-11 (12) сыныптарда оқу жылы ішінде тоқсандардың және демалыстардың ұзақтығы:
 - 1 – тоқсан – 8 оқу аптасы, күзгі демалыс – күнтізбелік 7 күн (2024 жылғы 28 қазаннан бастап 3 қарашаны қоса алғанда);
 - 2 – тоқсан – 8 оқу аптасы, қысқы демалыс – күнтізбелік 10 күн (2024 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2025 жылғы 8 қаңтардан қоса алғанда);
 - 3 – тоқсан – 10 оқу аптасы, көктемгі демалыс – күнтізбелік 11 күн (2025 жылғы 21-31 наурыз аралығында); 1 – сыныптардағы қосымша демалыс – күнтізбелік 7 күн (2025 жылғы 10-16 ақпан аралығында).
 - 4 – тоқсан – 8 оқу аптасы.
2. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:
 - 9 (10) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 9 маусым аралығында;
 - 11 (12) сыныптарда білім алушылардың қорытынды бітіру емтихандары - 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 13 маусым аралығында.

1. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

- 9 (10) сынып білім алушылары үшін:

- 1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2025 жылғы 29 мамыр;
- 2) қазақ тілі /орыс тілі бойынша (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;
- 3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), (информатика) емтихан – 2025 жылғы 5 маусым;
- 4) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2025 жылғы 10 маусым;

- 11 сынып оқушылары үшін:

- 1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;
- 2) алгебра және анализ бастамаларынан жазбаша емтихан – 2025 жылғы 3 маусым;
- 3) Қазақ тілі/орыс тілі (оқыту тілі) жазбаша емтихан – 2025 жылғы 6 маусым;
- 4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарихы, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын), (информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;
- 5) қазақ тілінде оқытатын мектептерде \ сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 13 маусым;

2. Білім алушыларды қайта қорытынды аттестаттау санитарлық талаптарды сақтай отырып, орта білім беру ұйымдары айқындаған мерзімде өткізіледі.
3. 2024-2025 оқу жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығының (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес аяқталсын.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау оқу-ісі орынбасары С.Т.Камзинаға жүктелсін.

Басшы:



К.Магзумова